

ФТАХА 03.20.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202510105>

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы *1

Тарих ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы,
090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы 162,
muktar64@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-7177-0710

Буранбаева Салтанат Ербулатовна²

магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Сарайшық 34
salt_salta@mail.ru, ORCID ID: 0009-0007-2270-0410

1920–40 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕПТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТАРИХЫ (АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Бұл мақалада 1920–1940 жылдар аралығындағы Қазақстандағы Халық ағарту комиссариатының қызметі, халыққа білім беру, сауатсыздықпен күрес және мәдени-ағарту жұмыстарындағы атқарған рөлі зерттеледі. Зерттеу Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі 1692-қор құжаттарына негізделген. Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының қызметін сипаттайтын хаттамалар, баяндамалар, бұйрықтар мен есептер талданады. Статистикалық мәліметтер, хаттар және басқа да құжаттардың мазмұны қарастырылады. Білім беру саласындағы кездескен мәселелер мен оларды шешу жолдары архив құжаттары арқылы мысалдармен көрсетіледі. Ұлттық мектептердің жұмысы және олардың жүзеге асырылуына атсалысқан көрнекті тұлғалардың есімдері атап өтіледі. Аталған кезеңде ұлттық мектептер ұлттық және мәдени ерекшеліктерді сақтау, қазақ халқының білім мен мәдениетін дамыту мақсатында ашылып, кеңестік жүйенің саяси ықпалымен жұмыс істегені көрсетіледі. Архив құжаттары негізінде жүргізілген зерттеу қазақ мектептерінің құрылуы, дамуы, оқу бағдарламалары, оқыту тілдері, мұғалімдердің даярлығы және олардың қоғамдық қызметтері сияқты мәселелерді қарастырады. Бұл зерттеу кеңестік кезеңдегі білім беру жүйесінің саяси бағытын, ұлттық мектептердің қызметін және қазақ қоғамының білім деңгейінің өсуіне әсерін анықтауға бағытталған. 1920–1940 жылдар аралығында қазақ мектептерінің ағартушылық міндеттері, саяси ықпалдар мен әлеуметтік өзгерістер кезіндегі рөлі ашылып, ұлттың білім беру жүйесіндегі жетістіктері мен қиыншылықтары терең талданады.

Кілт сөздер. Оқу–ағарту саласы, сауатсыздыққа қарсы күрес, мектеп, бастауыш білім, жоғары сынып, ұлттық мектеп, Кеңес үкіметі.

Кіріспе. 1920-1940 жылдар аралығындағы Қазақстандағы ұлттық мектептердің қызметі, жалпы алғанда, кеңес үкіметінің білім беру жүйесіне енгізген реформалары мен идеологиялық өзгерістермен тығыз байланысты болды. Бұл кезең қазақ халқы үшін жаңа әлеуметтік, саяси, мәдени өзгерістердің орын алған тұсы еді. Кеңес үкіметі алғашқы жылдардан бастап білім беру жүйесіне орасан зор өзгерістер енгізіп, сауатсыздықты жою, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету және кеңес идеологиясын халық арасында насихаттау міндетін алды. Қазақ қоғамының білім жүйесіне енген бұл өзгерістер, әсіресе ұлттық мектептердің құрылуы мен қызметінде айқын көрінді.

Ұлттық мектептер – қазақ халқының білім алу жолындағы алғашқы қадамдарының бірі ғана емес, сонымен қатар ұлттың тілін, мәдениетін және рухани құндылықтарын сақтап қалуға бағытталған маңызды құрылым болды. Олар қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге деген бейімделуінде маңызды рөл атқарды. Алайда, ұлттық мектептердің қызметі кеңестік жүйенің саяси және идеологиялық ықпалына байланысты көптеген қиындықтарға тап болды.

Қазақ ұлттық мектептерінің қызметі – бұл кеңес үкіметінің білім беру саясатының аясында ғана емес, сонымен қатар қоғамның ұлттық сәйкестігін сақтап қалу жолындағы күрестің маңызды бөлігі болды. Осы кезеңде ұлттық мектептер көп жағдайда кеңестік идеологияны насихаттау мақсатында құрылып, жұмыс істеді. Мектептерде оқу бағдарламалары мен оқу әдістемелері өзгеріп, коммунистік партияның саяси бағытын насихаттауға басымдық берілді. Бірақ бұл мектептердің басты мақсаты ұлттың мәдениетін сақтау және сауатсыздықпен күресу болды.

Мақалада 1920-1940 жылдары Қазақстандағы ұлттық мектептердің қызметінің даму жолы, олардың атқарған рөлі мен кездескен қиындықтары, оқу бағдарламалары мен педагогикалық әдістердің өзгеруі қарастырылатын болады. Сонымен қатар, ұлттық мектептердің кеңестік идеологияның ықпалы астында жұмыс істей отырып, қазақ халқының білім мен мәдениетті дамытуға қосқан үлесі зерттеледі. Бұл жұмыс ұлттық мектептердің тарихына қатысты архивтік деректер мен статистикалық мәліметтерді талдау негізінде қазақ білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысын жазу барысында архивтік және құжаттық талдау әдісі қолданылды. Мақалада нақты тарихи деректер мен архивтік құжаттар негізінде мектептердің қызметі мен даму процесін талдай отырып, білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуын көрсетуге мүмкіндік береді. Ұлттық мектептер туралы құжаттардың, баяндамалар мен есептердің мазмұнын талдай отырып, белгілі бір тарихи кезеңдерде мектептерде білім беру ісі қалай жүзеге асқанын көрсетуге болады. Бұл мазмұндық талдау әдісі құжаттардың ішкі мазмұнын ашып, білім беру жүйесінің әлеуметтік және саяси ықпалымен қалай өзгергенін анықтауға мүмкіндік берді. Мақалада салыстырмалы талдау әдісі арқылы әртүрлі аймақтар мен мектептерде қолданылған оқу бағдарламалары мен әдістемелерді салыстыру арқылы ұлттық мектептердің қызметі талданады. Осы әдіс білім беру жүйесінің өзгерістерін, оның саяси әсерлерін және әлеуметтік жағдаймен байланысы анықталды. Тарихи талдау әдісі арқылы 1920–1940 жылдар аралығындағы оқиғалар мен құбылыстарды хронологиялық тәртіппен талдай отырып, мектептердің дамуын саяси, әлеуметтік және мәдени өзгерістермен байланыстыра зерттелді. Бұл әдіс Қазақстанның білім беру жүйесінің кезеңдердегі ерекшеліктерін және ұлттық мектептердегі өзгерістерді түсінуге мүмкіндік берді. Қазақстандағы ұлттық мектептердің қызметін басқа мемлекеттердің білім беру жүйесімен салыстыра отыра қарастырылды.

Бұл зерттеу әдістері мен материалдары 1920–1940 жылдар аралығындағы Қазақстандағы ұлттық мектептердің қызметін зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы кеңестік дәуірде білім беру жүйесінің өзгерістері мен олардың қазақ қоғамына әсерін толық көрсетуге бағытталған.

Зерттеу нәтижелері. XX басындағы Ресейдегі төңкерістер және азамат соғысы елдегі оқу–ағарту мәселелерін күрделендіріп жіберді. Азамат соғысы аяқталысымен балаларды мектепке тарту ісі қолға алына бастады. 1920 жылы 15 маусымда балаларды азық–түлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, 1921 жылы 10 наурызда ауыл–село мектептерінде тамақтандыруды ұйымдастыру туралы, 16 тамызда оқулықтарды жариялау туралы, 15 қыркүйекте жасөспірімдер мен балалардың денсаулығын қорғау

туралы Халком кеңестің декреттері қабылданды. 1923 жылдың 12 тамызында РСФСР Халком кеңесі Оқу комиссариатын жаппай білім беру мәселесін шешуге кірісуге міндеттейді. 1925 жылы Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халкомкеңесінің «РСФСР–де жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқуды енгізу және мектеп жүйесін құру туралы» қаулысы қабылданды. Қаулы жалпыға міндетті оқуды жүзеге асыруға он жыл мерзім берді, ал қалған мәселемен білім беру органдары айналысты. Дегенмен үлкен мәселелер туындады, олар қаражаттың тапшылығы мен мұғалім кадрлардың жетіспеушілігі болды. 1923 жылы А. Байтұрсынов «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» деген мақаласын жариялап, тығырықтан шығу жолдарын көрсетті. Мақалада мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы мұғалімдердің оннан бір бөлігінің де шығынын көтере алмайтыны, оқыту ісі уақытты талап ететіні, ал оқудың мезгілі өтіп бара жатыр, балалардың бір жыл болса да оқусыз қалулары үлкен зиян екендігі» - айтылды. А. Байтұрсынов «Бұдан былай ұйқыны қою керек, енді бұл жұмысқа халықтың өзі кіріспесе болмайды», - деп ашық жазады [1, 322 б].

XX ғасырдың 20 жылдары мектеп ісін көтеру үшін біраз істер қолға алынады. 1921-1929 жылдары Қазақстандағы бастауыш класс оқушылар қатары 172 мыңнан 277 мыңға, оның ішінде қазақ балаларының саны 37,9 мыңнан 99,8 мыңға көбейеді [2, 280-281 б]. Дегенмен, көптеген балалардың мектепте оқу мүмкіндігі болмады. 1929 жылы өлкедегі 1 басқыш мектептер оқу жасындағы балалардың 40% ғана жетті [3,10-п]. Ал қазақ, өзбек, дұңған, ұйғыр сияқты өзге ұлт өкілдерінің балалары мектепке мүлде аз тартылды. Мұғалімдердің білім деңгейі өте төмен болды. 1926 – 1927 оқу жылында республика мектептерінде 7,2 мың мұғалім еңбек етсе, олардың 37% ғана орта білім бар болатын [4]. XX ғасырдың 20 жылдары Қазақстандағы мектеп жүйесінің дамуы маңызды өзгерістер мен қиындықтарды бастан кешірді. Оқушылар санының артуына қарамастан, мектепке бару мүмкіндігі шектеулі болды, әсіресе қазақ, өзбек, дұңған және ұйғыр ұлттарының балалары мектепке сирек тартылды. Мұғалімдердің білім деңгейі де төмен болып, бұл білім сапасына теріс әсер етті. Осылайша, мектеп жүйесінің дамуында әлеуметік және кәсіби дайындықтың жетіспеушілігі, оқу орныдардың жетіспеушілігі сияқты мәселелер орын алды, бірақ соған қарамастан білім беру ісінде алға жылжу байқалды.

Кеңес үкіметі мұғалімдердің материалдық–тұрмыстық жағдайын жақсартуға күш салды. Сол мақсатта 1927 жылы 11 шілдеде қабылданған Бүкілроссиялық Орталық Атқару комитеті мен РСФСР Халкомкеңесінің қаулысымен көп жыл қызмет еткен мұғалімдердің еңбекақысы көбейтілетін болды [5, 202 б].

Қазақ даласында ағартушылық қызметке Алаш зиялылары да тартылды. С. Сейфуллин 1922 жылы 13 маусымда КАКСР Ағарту Халық комиссарының орынбасары болып тағайындалды. Оқу–ағарту мәселелерімен бірге қазақ мектептерінің негізінің қалануында алғашқы Ағарту Халық комиссары, ғалым Ахмет Байтұрсынов еңбек сіңірді. Одан кейін Аспандияр Кенжин басқарған комиссариат құрамында алғашқы жылдары Ж. Аймауытов, К. Тоқтабаев сынды қазақтың тұлғалары еңбек етті. Қазақ зиялылары бірінші кезекте мектеп оқулықтарын құрастыруға, аударма жұмыстарына жұмыла кірісті.

С. Сейфуллин Қазақстан үкіметін басқарған уақытта оқу–ағарту саласына ерекше назар аударды. Біріншіден, өзінің кәсібі мұғалімдік, ағартушылық болса, екіншіден, қазақ халқының оқу–білімсіз өнерлі, мәдениетті елдердің қатарына қосыла алмасы түсінікті еді. Өзі редакторлық еткен «Еңбекші қазақ» газеті арқылы оқу мен білімнің пайдасын түсіндіріп, білім саласында болып жатқан өзгерістерді халыққа жеткізіп отырды. 1922 жылы жазған «Зор міндет» атты мақаласында «Қазаққа ең әуелі оқу керек, оқу керек! Оқыса көкірегінің көзі ашылады. Көзі ашылса, ымдамай-ақ, нұсқамай-ақ өзі көреді. Оқусыз- қазақтың болашақтағы күні қараң. Енді бір жиырма жылдың ішінде

қазақ өнерлі халықтардың қатарына кіру керек» - деген ойлары оқу – білімге үндеу іспеттес [6]. Қазақ даласындағы ағартушылық қызметте Алаш зиялыларының үлесі зор болды. Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Аспандияр Кенжин, Жүсіпбек Аймауытов, Қошке Кемеңгеров сынды тұлғалар қазақ мектептерінің негізін қалап, оқу-ағарту ісіне белсене араласты. Әсіресе, Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі айтарлықтай маңызды болды. Ол тек оқу мәселесін көтеріп қана қоймай, сол кезеңдегі білімнің маңызды екенін халыққа жеткізе отырып, қазақтың мәдениеті мен өнерін көтеруге бағытталған жұмыстарды жүргізді. Оның «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған мақалаларында оқу мен білімнің болашаққа, қоғамның дамуына тигізетін әсері туралы айтылған ойлары қазақ халқын ағартушылыққа, білім алуға шақырды. Осы кезеңде білім беру жүйесінің қалыптасуы, оқу бағдарламалары мен оқулықтардың құралуы, сондай-ақ қазақтың ұлттық мәдениетін сақтауға арналған бастамалар қазақ зиялыларының ұлт алдындағы маңызды міндеті болды.

Қарастырып отырған кезеңде үкімет қиындықтан шығудың түрлі жолдарын ойластырды. Келісім шарт жасасуы арқылы өз күштерімен мектеп ашуға жергілікті тұрғындарды тарту көзделді. Мұрағат қорларында сақталған материалдардан сол кездегі оқу-ағарту саласында қалыптасқан ахуалды білуге болады. 1922–1923 оқу жылының қорытындысына назар аударатын болсақ, 113 580 мектептер мен балалар үйі болған, мектептер саны 1546–дан 2001–ге артып, балалар саны да өсе түскен. Дегенмен бұл жағдай әлі де болса толық жақсара қоймады. Орыс мектептерінің саны қазақ мектептерінің санына қарағанда әлдеқайда артық еді. Мұғалімдердің айлық табысының аз әрі уақытымен төленбейтін кездердің көп болуы – оқу-ағарту саласының жағдайының төмен болуына себеп болды. Мәселен, ең жоғары еңбекақы – 31 сом 70 тиын Орынбор губерниясы мұғалімдеріне берілсе, ең төменгі жалақы – 12 сом 50 тиын Орал губерниясы мұғалімдеріне тағайындалған. Негізгі кемшіліктер: бюджет тапшылығы, Орталықтан еңбекақыға арналған қаржының кешіктіріліп берілуімен қоса, мұғалімдердің қалаға барып еңбекақыларын алуына 7–8 күн кететін. Жалақы төлеудегі туындаған қиындықтар мектеп мұғалімдерінің наразылығын туғызып, кей жерлерде ереуіл жасауға дейін апарған. Мысалы, Бөкей губерниясындағы мұғалімдер ереуілі 3 күнге созылған [7]. Елдегі мұндай ахуал әрине оқу-білім саласының айтарлықтай алға жылжуына кедергі келтіреді. Дегенмен бұл олқылықтарды жою үшін, білім саласын дамытуда бірқатар шаралар да жүзеге асырылып жатты.

1923–1924 жылға арналған өлкелік бюджеттің кірісі – 552628 сом 97 тиынды құраса, оның 287736 сом 47 тиыны оқу-ағарту саласына бөлінген. Мұнан түйетін түйін халықты сауаттандыру үшін Үкімет ағарту саласына қомақты қаражатты бөліп отырғанын байқауға болады. Нәтижесінде елде сауаты артқан, білім алған, көзі ашық жастар көбейіп, ұлттық мектептер салынып, шәкірттер саны жоғарылап, халық арасында сауатты адамдар артты деуге болады.

Қазақстанда 8 жастан 11 жасқа дейінгі балаларға жалпыға бірдей бастауыш білім беру жүзеге асырылып, жалпыға бірдей жетіжылдық білім беруді және алдағы 1–2 жылда толық іске асыруды қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалды.

Патша заманынан бері Қазақстан ауылдарының мектеп фондына қаражат түскен жоқ, тек облыстық қалалар мен жекелеген орыс селоларында мектеп ғимараттары сақталған. Тек соңғы үш жылда, яғни 1935, 1936, 1937 жылдары мемлекет қалаларда, жұмысшылар поселкелерінде, ауылдарда 52970 орындық 322 мектеп салынса, 1938 жылы қосымша 25280 орындық тағы 78 мектептің құрылысы басталды.

Қазақ орта мектептеріндегі жоғары сыныптарды дамытуда оларға қарасты мектеп-интернаттардың маңызы зор. Әсіресе мал шаруашылығымен айналысатын аудандар жағдайында, ауылдардың көпшілігінде халық көп, оның үстінде бір-бірінен алшақ

орналасқан, қарапайым мектептер болған кезде балалар оларға бару мүмкіндігінен айырылды. Осы балаларды орта мектептерде оқыту үшін Қазақстанда 250–ден астам мектеп–интернат ұйымдастырылып, оларда 28487 бала оқиды. Осы жылдары көптеп ұстаздар тобы дайындалды. Қазақстанның орта және бастауыш мектептерінде 31067 ұстаз қызмет етіп, олардың көбі білімдерін кеңестік педагогикалық білім ордаларынан алған.

Қазақ мектептерінде жоғары сыныптарды өсіру жөніндегі деректерді орындау туралы ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі 1692–қорының 101–ісінде 1935 жылы қазақ орта мектептерінде жоғары сыныптарды дамыту бойынша жергілікті ұйымдардың өзіне алған міндеттемелерін тексеру барысы туралы мәліметтер келтірілген.

1 кесте - Қазақ мектептерінің саны

Облыстар	Жоспар бойынша мектептер саны			8 сынып			9 сынып	10 сынып		
	Жоспар	орынд	оры	Жоспар	орында	орын/м	Орынд/м	Жоспар	орынд	оры
	пар	алған	н/м		лған				алған	н/м
Алматы	1	1	-	1/38	1/37	-/1	1/38	-18	1/20	-/2
Алматы обл	10	9	1	10/157	8/91	2/66	2/24	+2/3	-	-
Ақтөбе	7	5	2	7/140	5/76	2/66	1/17	-	-	-
Шығыс-Қаз	16	13	3	16/290	13/170	3/120	2/43	2/43	-	-
Батыс	14	14	-	17/414	14/293	3/121	4/76	2/48	1/7	-
Қарағанды	4	5	+1	4/113	5/86	+1/27	2/46	-/6	-	-
Қостанай	3	3	-	3/48	3/30	-/16	1/14	-/5	-	-
Солт Қаз	6	5	-1	6/167	5/123	1/44	2/83	-/30	-	-
Оңт-Қаз	8	4	-4	8/149	4/44	4/105	1/20	-/2	-	-
Барлығы	69	59	-10	72/1516	58/949	14/567	16/351	2/162	2/27	-/2

Қарастырылған кезеңдегі қазақ мектептерінің санын Қазақстанның барлық территориясы бойынша жоғарыда көрсетілген кестедегі мәліметтер арқылы талдай келе, сыныптар жоғарылаған сайын қазақ тілінде білім алушылардың саны азайып, қазақша сыныптардың жойылғанын көруге болады.

Қазақ мектептерінде жоғары сыныптар құру жоспарының бұзылуының негізгі себебі облыстық және аудандық ұйымдар ұлттық мектептердің, әсіресе оның орта буынының маңыздылығын әлі де жеткілікті түрде бағаламауы, мектептердегі оқыту буынын қайта қарау кезінде бекіткен жоспарларды назардан тыс қалдыруы, олардың іс жүзінде орындалуын бақылау үшін шаралардың қабылданбауы және мектептерді жергілікті басшылықтың әркім өз бетінше жасақтауы тосқауыл болды. Нәтижесінде, техникумдар мен ЖОО–ның қазақ тілді оқушылар контингентімен қамтамасыз етудің қиындығы – ұлттық кадрлар даярлауды жүзеге асыруға кері әсерін тигізді.

Облыстық ұйымдар партияның осы аса маңызды директивасын нақты жүзеге асыру ісінде толық немқұрайлылықты тапты және жекелеген мектептер бойынша деректерді жинақтау негізінде маңызды фактілерді жоққа шығарып, жекелеген жоғары қазақ сыныптарының, тіпті облыстарда тұтас мектептердің қызметінің жеткілікті түрде жүзеге аспағандығы туралы жоғары билікті хабардар етпеді. Нәтижесінде, Партияның барлық облыстық комитеттері Бюроның арнайы отырыстарында қазақ мектептерінде жоғары сыныптарды көбейту туралы, іске асыруда жіберілген қателіктер туралы мәселені талқылауға және қазақ мектептерінде жоғары сыныптарды көбейту туралы қажетті іс-шараларды белгілеуге Өлке комитеті қаулы шығарады [8, 25-п]. Бұл құжаттарды талдау барысында жергілікті халықтың әлеуметтік ахуалын көтеру мақсатында бірқатар шаралардың қабылданғанын көруімізге болады.

ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі 1692 қорындағы 34-іс бойынша табылған мәліметтерге қарағанда 1937 жылы Республикадағы жоғары және орта қазақ

мектептерінің жоспары дұрыс орындалмаған. Оған төмендегі деректерді келтіруге болады:

1. Халық Комиссарлар Кеңесі және Өлкелік КП (б) К қазақ орта мектептерінде жоғары сыныптарды дамыту жөніндегі жоспардың орындалуын тексеру нәтижесінде 1936-1937 оқу жылына арналған орта мектептердің ашылуы жоспарға сәйкес жүзеге аспады: 72 орта мектептің орнына 37 мектеп ашылды, 1645 адам контингенті бар 85 сегізінші сыныптың орнына іс жүзінде 967 адам контингентімен 58 сынып ашылды, 418 адам контингенті бар 18 тоғызыншы сыныптың орнына іс жүзінде 233 адам контингенті бар 16 сынып ашылды, жоспарланған 40 адам контингенті бар оныншы сынып орнына 25 оқушысы бар 2 сынып ашылған.

2. Орта мектептерді дамыту, оларда жоғары сыныптарды өсіру жоспарын орындауда облыстар ерекше артта қалып отыр: Оңтүстік Қазақстан облысы, онда 169 адам контингенті бар 8 мектептің орнына 62 адам контингенті бар 4 мектеп және Шығыс Қазақстан облысы, онда 501 адамды біліммен қамтитын 18 орта мектептің жоспарында іс жүзінде 144 адам контингенті бар 11 мектеп қана ұйымдастырылған.

3. Қазақ орта мектептерінің жоғары сынып оқушыларын ең көп оқудан шығаруға Оңтүстік Қазақстан Облысы (30 адам немесе 41%), Шығыс Қазақстан Облысы (60 адам немесе 50%), Қарағанды облысы (39 адам немесе 42%) және Батыс Қазақстан облысы (54 адам немесе 32%) бойынша жол берілді.

Қазақ мектептерінде жоғары сыныптар құру жөніндегі жоспардың бұзылуының негізгі себебі жергілікті органдар, облыстық және аудандық партия-кеңес ұйымдары мектептерді қайта қарау кезінде өздері белгілеген жоспарларының жүзеге асырылуын бақылауды қамтамасыз етпеді және мектептерді өз бетінше жасақтауды ұсынды. Орта мектепті бітіргенге дейін жоғары сыныптарды тастап, техникалық мектептер мен ЖОО-на кетуге қарсы ешқандай шаралар қолданылған жоқ, нәтижесінде ЖОО-на даярланған қазақ контингенттерімен қамтамасыз етуге байланысты барлық іс-шараларды жүзеге асыруға тосқауыл қойылды. Осы аталған кемшіліктерді түзету мақсатында Қазақ Халық Комиссарлары Кеңесі КСР және КП(б) К Крайкомы 1937-38 оқу жылына 98 мектепті ұйымдастырып, 8-10 сынып оқушыларын екінші жылға қалдыруға немесе оқудан шығаруға, мектептерді оқу құралдарымен, оқулықтармен қамтамасыз етуге, білім беру саласын кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету, олардың әлеуметтік жағдайын жасау шаралары көзделді.

Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің басшысы О. Исаев КП(б) Өлке комитетінің хатшысы К Мирзоянға берген есебінде: «қазақтарды 8-10 сыныптармен қамту жоспары толық орындалатын және оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ете отырып, орта мектепті толық бітіргенге дейін барлық контингентті сақтай алған мектептердің директорларына, менгерушілеріне және үздік мұғалімдеріне түрлі сыйлықтар, курорттарға ақшалай сыйақылар беру ұсынылған. Сонымен қатар қазақ орта мектептерінің жоғары сынып оқушыларының интернаттарда материалдық қамтамасыз етілуінің нашарлауы – мектепті тастап кетуінің басты себептерінің бірі деп есептей отырып, олар үшін 1937 жылдың 1 қыркүйегінен бастап бір оқушыға жылына орта есеппен 702 рубль стипендия белгіленген [9,125-п]. Деректерді талдау барысында білім беру саласында кемшіліктерді ескере отырып, басшылық тараптан бірқатар оң ұсыныстардың болғандығына көз жеткіздік.

ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі 1692-қорының 34-ісінде Орал қаласында орналасқан тұңғыш ұлттық мектеп туралы мәліметтер келтірілген.

Батыс Қазақстандағы Орал қазақ орта мектебі құрамында 71 адамдық контингенті бар екі сегізінші сынып, 61 адамдық контингенті бар екі тоғызыншы сынып, 13 адамдық контингенті бар оныншы сынып оқыту жүргізілген. Директоры болып Ақмурзин Сәрсен

бекітілген және оған қазақ тілі мен әдебиетін оқыту жүктелген. Орал қаласындағы алғашқы ұлттық мектептің ашылуы Батыс Қазақстандағы білім беру жүйесінің қалыптасуына маңызды үлес қосты. Орал қазақ орта мектебі ұлттық білім беру жүйесінің алғашқы қадамдарының бірі болып, онда қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға ерекше назар аударылды. Мектептің құрылымы мен оқушылар контингенті көрсеткендей, бұл білім ошағы қазақ жастарына сапалы білім беру мақсатында жұмыс істеген. Ақмурзин Сәрсеннің мектеп директоры ретінде қызмет атқаруы, оның білім беру процесіне қазақ тілін оқыту жөніндегі жауапкершілігі сол уақыттағы ұлттық мектептердің басты бағыттарының бірі болғанын дәлелдейді [9, 154-п.]. Осылайша, Оралдағы ұлттық мектептің қызметі Қазақстанның білім саласындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Сонымен қатар ауылдық жерлерде де қазақ балаларын біліммен сусындатқан ұлттық мектептер жұмыс атқарған. Олардың қатарында Фурманов ауданындағы Орджаникидзе мектебі, Казталов ауданындағы Киров мектебі, Жымпиты ауданындағы Жымпиты мектебі 1-10 сыныптар арасындағы қазақ балаларына ұлттық тілде білім берді [10, 8-п.]. Бұл архив деректері де жоғары сынып оқушыларының оқуда аз қамтылғанын көрсетеді. Бұл сауатты ересектердің халық арасында аз екендігін көрсетеді.

Қазақстанда қазақ тіліндегі мектеп әдебиеттері Кеңес үкіметі жылдары шығарыла бастады. Соңғы үш жылдың өзінде қазақ тіліндегі оқулықтар мен әдістемелік шығармалардың 7 миллионнан астам данасы шығарылды. Техникумдар мен ЖОО желісі көбейді, дамып келе жатқан ауыл шаруашылығы дайын кадрларды қажет етті. Революцияға дейінгі Қазақстанда бірде бір ЖОО болмаса, ал 1937-1938 жылдары ЖОО-ның саны 21-ге жетіп, оның ішінде институттар да болды. Қазақстанда білім мен мәдениетті дамыту барысында ұлттық баспасөзде өсе бастады. Қазан төңкерісіне дейін бір ғана қазақ газеті болса, ендігі уақытта 157 газет қазақ тілінде шыға бастады [11, 21-24 пп.].

Бұл архив дерегі Қазақстандағы сауатсыздықпен күрес жөніндегі маңызды кезеңді көрсетеді. 1936 жылы қабылданған жоспардың мақсаты—2-ші бесжылдықтың соңына қарай бүкіл елді сауатты етіп, білім деңгейін көтеру болды. Осы мақсатта Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесі (ХКК) мен Қазақстан Коммунистік партиясының (БКП(б)) ҚАЗКРАЙКОМ-ы сауатсыздықты жою және халықтың білім деңгейін арттыру үшін арнайы шаралар қабылдады. 600 мың адамды сауаттандыру жоспарының қабылдануы кеңес үкіметінің осы кезеңдегі басты саяси міндеттерінің бірі – халықтың сауатсыздығын жоюға деген күш-жігерін білдіреді. Бұл дерек Кеңестік үкіметтің білім беру саласындағы реформаларын жүзеге асыру үшін қандай қадамдар жасалғанын көрсетеді. Сауатсыздықты жою мәселесі тек білім беру ғана емес, саяси және мәдени реформалардың да бір бөлігі болғанын байқауға болады. Осы кезеңде білім беру саласындағы негізгі мақсаттар – қоғамды коммунистік идеологиямен тәрбиелеу, халықтың әлеуметтік теңдігін қамтамасыз ету, сонымен қатар мәдени деңгейін көтеру болды. Сондықтан бұл жоспардың іске асуы тек сауат ашу ғана емес, кеңестік қоғамның жаңа идеологиясына бағытталған ірі әлеуметтік реформалар кешенінің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Қорыта келгенде, 1936 жылы қабылданған сауатсыздықты жою жоспары Қазақстандағы ағартушылықтың дамуына, қазақ халқының білімге деген сұранысын қанағаттандыруға және Кеңес үкіметінің саяси идеологиясын халық арасында таратуға бағытталған маңызды қадам болды.

1937-1938 жылдың 1-жартыжылдығындағы КазКСР Облыстық Білім Беру бөлімдері меңгерушілерінің қорытынды есебі бойынша республика мектебінің ағымдағы оқу жылында мектеп жабдықтарына бюджет шығындары айтарлықтай өскенін, қала мен ауылдарда оқушы санының біртіндеп өскенін, мектептегі оқу жұмысының сапасы мен оқушылардың үлгерімі артқанын, үздік оқушылар саны артып келе жатқаны атап өтілді

[12, 16-п.]. Архив деректері білім саласындағы үнемі өсуді көрсетеді. Біздіңше оның барлығы сол заман талабына сай орындалғанын және бүгінде бұл салада да асыра сілтеу болғанын ешкім жоққа шығармайды.

Республикада Қазақстан Коммунистік партиясының халыққа білім беру мәселелері жөніндегі 2–съезінің шешімін орындау жөніндегі іс–шаралар жоспары жасалынды. Онда 1938–1939 жылға мектептерді даярлау, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, 70.000 парта мен 5204 жаңа тақта жасату, бүкіл оқу жылына мектептер үшін отын дайындау, қазақ мектептері үшін 72 оқулық атауын шығару, кітапханаларды 88 атаумен, 496 мың дана орыс тілінде және 67 атаумен 845 мың дана қазақ тілінде кітаптармен жинақтау, мектеп жасындағы балалардың нақты есебін жүргізу, оларды мектепке тарту туралы нұсқаулықтар берілді. Сонымен қатар, курстық іс-шаралар бойынша қазақ мектептері мен мектеп нұсқаушылары үшін тарих, география, орыс тілі оқытушыларын қайта даярлау курстарын ұйымдастыру белгіленді. Курстық іс-шаралармен барлығы 868 адам, оның ішінде тарих-246, география-312, орыс тілі-150 оқытушы қамтылады [13, 3-п.]. Бұл мәліметтерден білім саласының бірқатар мәселелері оң шешім тапқандығы, оны шешу барысында мектепке оқушы тарту мақсатында қомақты қаражаттың жұмысалғандығы, оқытушыларды қайта даярлау курстарына да үлкен мән берілгендігі байқалады.

Қорытынды. 1920-1940 жылдар аралығындағы Қазақстандағы ұлттық мектептердің қызметі кеңестік жүйенің білім беру саласына енгізген өзгерістер мен реформалармен тығыз байланысты болды. Бұл кезеңдегі ұлттық мектептер тек білім беру процесімен ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының мәдениеті, тілі мен ұлттық болмысын сақтап қалу жолындағы маңызды құрылымдардың бірі болды. Ұлттық мектептердің құрылуы мен дамуы жаңа әлеуметтік-саяси жағдайлар мен кеңестік идеологияның әсерінен өтті. Бұл мектептер қазақ халқының білім деңгейін арттыруға, сауатсыздықпен күресуге және әлеуметтік теңдікті қалыптастыруға ықпал етті.

Кеңестік билік жағдайында қазақ мектептерінің қызметі негізінен үш басты бағытқа бағытталды: біріншіден, сауатсыздықпен күрес, екіншіден, ұлттық мәдениетті сақтап қалу және үшіншіден, кеңестік идеологияны насихаттау. Бұл кезеңде ұлттық мектептердің қызметі білім беру жүйесін қалыптастыруда үлкен роль атқарды, алайда олар тек қазақ тіліндегі білім берумен шектелмей, кеңестік жүйенің саяси бағытын, коммунистік идеологияны таратуды мақсат етті.

Архивтік құжаттар мен статистикалық мәліметтерді талдау нәтижесінде 1920-1940 жылдары Қазақстанда ұлт мектептерінің құрылымы мен қызметі бірнеше кезеңдерден өтті. Әсіресе, 1930-жылдары ұжымдастыру мен саяси репрессиялар кезінде ұлттық мектептердің қызметі қиыншылықтарға тап болды. Дегенмен, білім беру жүйесінің дамуы мен мектептердің ашылуы жалғасын тауып, қазақ халқының білім деңгейінің артуына маңызды үлес қосты.

Зерттеу барысында ұлттық мектептердің оқу бағдарламалары мен оқу әдістемелерінің ұлттық және мәдени ерекшеліктерге сәйкес өзгергені байқалды. Сонымен қатар, мектептерде кеңестік идеологияның әсерінен мұғалімдер мен оқушылар арасында саяси оқыту мен тәрбие саласы ерекше орын алды. Ұлттық мектептер ұлттық және мәдени ерекшеліктерді сақтау мақсатында құрылса да, олар көп жағдайда кеңестік жүйенің саяси ықпалымен жұмыс істеді.

Қорытындылай келе, 1920-1940 жылдардағы Қазақстандағы ұлттық мектептердің қызметі сол кезеңнің әлеуметтік-саяси жағдайлары мен білім беру жүйесінің өзара байланысын айқындайды. Бұл кезеңде ұлттық мектептер халықтың білім деңгейін арттыруға және мәдениетті сақтау жолында маңызды рөл атқарғанымен, олардың саяси ықпалымен де байланысты болды. Сондықтан зерттеу нәтижелері қазақ білім беру

жүйесінің қалыптасуында кеңестік идеологияның қаншалықты ықпал еткенін және ұлттық мектептердің қызметі мен дамуындағы қиыншылықтарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынов, А. Ақ жол [Текст] / А. Байтұрсынов – Алматы: Жалын, 1991. – 465 б.
- 2 Саматов, С.М. Социалистическое строительство Казахской ССР [Текст] / С.М. Саматов – Алматы, 1936 – 409 б.
- 3 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық архиві (алда - ҚР ОМА). 81 қор, 1 тізбе, 1294 іс, 10 п.
- 4 Сембаев, А.И. Очерки по истории казахской советской школы [Текст] / А.И. Сембаев под общ. ред. Н. А. Константинова – Алма - Ата: Казахское гос. учеб.- педагог. изд-во, 1958. – 325 б.
- 5 Директивы ВКП(б) и постановления советского правительства о народном образовании: сборник документов за 1917-1947 гг [Текст] // Москва; Ленинград – 320 б.
- 6 Сейфуллин, С. Зор міндет [Текст] / С.Сейфуллин – Еңбекші қазақ, 1922
- 7 ҚРОМА 81 -қ., 1-т., 307 – іс.
- 8 ҚРОМА 1692-қ., 1-т., 101-іс.
- 9 ҚРОМА 1692-қ., 1-т., 34 -іс.
- 10 ҚРОМА 1692-қ., 1-т., 11 -іс.
- 11 ҚРОМА 1692-қ., 1-т., 13-іс.
- 12 ҚРОМА 1692-қ., 1-т., 23-іс.
- 13 ҚРОМА 1692-қ., 1-т., 26-іс.

REFERENCES

- 1 A.Baitursynov Ak zhol [Ak zhol]. Almaty: Zhalyyn, (1991): 465 p. – (In Kaz)
- 2 Socialisticheskoe stroitelstvo Kazakskoi SSR [Socialist construction of the Kazakh SSR]. Almaty, (1936): 409 p. – (In Rus)
- 3 Kazakhstan Republicasy Memlekettik Ortalyk Archivy (Alda - KROMA [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan] (alda - KR OMA). 81 kor, 1 tizbe, 1294 is, 10 p. – (In Kaz)
- 4 Sembaev, A.I. Ocherki po istorii kazakhskoy sovetskoy shkoly [Essays on the history of the Kazakh Soviet school]. Alma Ata: Kazakh State University – pedagogical publishing house, (1958): 325 p. – (In Rus)
- 5 Direktivy VKP (b) I postanovki sovetskogo pravitel'stva o narodnom obrazovanii: sborniki dokumentov za 1917-1947 gody [Directives of the CPSU(b) and resolutions of the Soviet government on public education: collection of documents for 1917-1947]. Moscow; Leningrad, 320 p.
- 6 Seifullin, S. Zor mindet [Great task]. Enbekshi Kazakh, (1922) – (In Kaz)
- 7 KROMA. 81 -K., 1-t., 307 – is.
- 8 KROMA. 1692-K., 1-T., 101-is.
- 9 KROMA. 1692-K., 1-T., 34-is.
- 10 KROMA. 1692-K., 1-T., 11 -is.
- 11 KROMA. 1692-K., 1-T., 13-is.
- 12 KROMA. 1692-K., 1-T., 23-is.
- 13 KROMA. 1692-K., 1-T., 26-is.

РАБОТА НАЦИОНАЛЬНЫХ ШКОЛ В КАЗАХСТАНЕ В 1920-40-Е ГОДЫ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ

Аннотация. В этой статье исследуется деятельность Народного комиссариата просвещения в Казахстане в период с 1920 по 1940 годы, роль, которую он сыграл в народном образовании, борьбе с неграмотностью и культурно-просветительской работе. Исследование основано на документах Фонда 1692 в Центральном государственном архиве Республики Казахстан. Анализируются протоколы, доклады, приказы и отчеты, характеризующие деятельность комиссариата народного просвещения Казахской АССР. Рассматриваются статистические данные, содержание писем и других документов. Проблемы в сфере образования и пути их решения представлены на примерах через архивные документы. Будут отмечены имена выдающихся личностей, участвовавших в работе национальных школ и их реализации. Показано, что в этот период национальные школы были открыты с целью сохранения национальных и культурных особенностей, развития образования и культуры казахского народа и работали под политическим влиянием советской системы. В исследовании, проведенном на основе архивных документов, рассматриваются такие вопросы, как создание, развитие казахских школ, учебные программы, языки обучения, подготовка учителей и их общественная деятельность. Данное исследование направлено на выявление политического курса системы образования советского периода, деятельности национальных школ и влияния казахского общества на рост уровня образования. В период с 1920 по 1940 годы раскрываются задачи просвещения, роль казахских школ при политических влияниях и социальных изменениях, глубоко анализируются достижения и трудности нации в системе образования.

Ключевые слова. Образовательная область, борьба с неграмотностью, школа, начальное образование, старший класс, национальная школа, Советское правительство.

THE WORK OF NATIONAL SCHOOLS IN KAZAKHSTAN IN THE 1920S AND 40S BASED ON ARCHIVAL DOCUMENTS

Abstract. This article examines the activities of the People's Commissariat of Education in Kazakhstan in the period from 1920 to 1940, the role it played in public education, the fight against illiteracy and cultural and educational work. The research is based on the documents of the 1692 Foundation in the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. The protocols, reports, orders and reports characterizing the activities of the Commissariat of Public Education of the Kazakh ASSR are analyzed. Statistical data, the contents of letters and other documents are considered. Problems in the field of education and ways to solve them are presented using examples through archival documents. The names of outstanding personalities who participated in the work of national schools and their implementation will be noted. It is shown that during this period, national schools were opened in order to preserve national and cultural characteristics, develop education and culture of the Kazakh people and worked under the political influence of the Soviet system. The study, conducted on the basis of archival documents, examines such issues as the creation and development of Kazakh schools, curricula, languages of instruction, teacher training and their social activities. This study is aimed at identifying the political course of the education system of the Soviet period, the activities of national schools and the influence of Kazakh society on the growth of the level of education. In the period from 1920 to 1940, the tasks of education, the role of Kazakh schools under

political influences and social changes are revealed, and the achievements and difficulties of the nation in the education system are deeply analyzed.

Key words. Education field, fight against illiteracy, school, primary education, senior classes, national school, Soviet government.